



**"Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы шартты бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 қаңтар N 70

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы Бас Бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы шартты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы
Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын
әрі қарай өтеу үшін беру туралы шартты бекіту туралы

2001 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасы мен Түркіменстан арасындағы Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды жазасын әрі қарай өтеу үшін беру туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Жазасын әрі қарай өтеу үшін бас бостандығынан
айыруға сотталған адамдарды беру туралы

Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы ШАРТ

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан,

- мемлекеттік егемендік, тең құқықтық және өзара сыйластық қағидаттарына сүйене отырып,

- халықаралық құқық нормаларын негізге ала отырып және қылмыстық

құқық саласында мемлекетаралық ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып,

- сотталғандардың өздері азаматтары болып табылатын мемлекетте жазасын өтеу жазаның орындалу мақсатының анағұрлым тиімділігіне қол жеткізуге және құқық бұзушылардың қалыпты қоғамдық өмірге қайта оралуына септігін тигізетіндігін ескере отырып,

- адамгершілік және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Терминдердің анықтамасы

Осы Шарттың мақсаттарына қол жеткізу үшін төменде көрсетілген терминдер мынадай мағына береді:

а) "үкім шығарушы мемлекет" - соты арқылы адамды бас бостандығынан айыру түрінде жазалауға соттау туралы үкім шығарған Уағдаласушы Тарап;

ә) "үкімді орындаушы мемлекет" - бас бостандығынан айыруға сотталған және оның азаматы болып табылатын адам жазасын әрі қарай өтеу үшін берілетін У а ғ д а л а с у ш ы Т а р а п ;

б) "сотталушы" - қылмыс жасағаны үшін Уағдаласушы Тараптардың бірінің соты арқылы бас бостандығынан айыруға сотталған адам;

в) "жақын туыстары" - Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес жақын туыстары болып табылатын адамдар;

г) "заңды өкілдері" - Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңдары белгілеген тәртіппен заңды өкілдері деп танылған адамдар;

д) "құзыретті органдар" - Уағдаласушы Тараптардың сотталғандарды беру туралы шешім қабылдайтын органдары;

е) "жазаның орындалуын жүзеге асырушы органдар" - Уағдаласушы Тараптардың сотталушыны беру туралы шешімді орындайтын органдары.

2 - б а п Ж а л п ы қ а ғ и д а т т а р

1. Әрбір Уағдаласушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тарап бас бостандығынан айыру жазасына соттаған азаматтары, сондай-ақ оның аумағында тұрақты тұратын бас бостандығынан айыру жазасына сотталған азаматтығы жоқ адамдар осы Шарттың ережелеріне сәйкес жазасын өтеу үшін, оның азаматтары болып табылатын немесе аумағында тұрақты тұратын адамдар сол Уағдаласушы Тарапқа берілуі мүмкін.

2. Сотталушыны беру туралы өтінішті үкімді шығарушы мемлекет те, сондай-ақ үкімді орындаушы мемлекет те жасауы мүмкін.

3 - б а п С о т т а л ғ а н а д а м д ы б е р у р ә с і м д е р і н қ о з ғ а у д ы ң н е г і з і

Уағдаласушы Тараптың азаматы болып табылатын сотталған адамды немесе оның аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ сотталған адамдарды осы Тарапқа тапсыру рәсімдерін қозғау үшін осы адамдардың немесе олардың жақын туыстарының не олардың заңды өкілдерінің кез келген Уағдаласушы Тараптың

құзыретті органына жолдаған арызы негіз болып табылады.

4-бап Құзыретті органдар

Осы Шарттың орындалуына қатысты барлық мәселелер бойынша бір-бірімен ынтымақтастықты тікелей жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Түрікменстанның Бас прокуратурасы Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары болып табылады.

5-бап Сотталған адамды беру туралы сұрау салу және қажетті құжаттар

1. Сотталған адамды тапсыру туралы сұрау салу жазбаша түрде жасалып, оған мыналар қоса тіркеледі:

а) сотталған адамның жеке басы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты, туған уақтысы мен жері);

ә) сотталған адамның азаматтығын немесе оның тұрақты тұратын мекен-жайын растайтын құжат;

б) адамды соттауда негіз болған қылмыстық заң баптарының мәтіні;

в) сотталған адамның немесе оның заңды өкілінің жазаны одан әрі өтеу үшін беруге келісетіндігі туралы өтініші;

г) сот үкімінің және жоғары сот органдарының іс бойынша қолда бар шешімдерінің, үкімнің заңды күшіне енгендігі туралы құжаттардың көшірмелері;

д) өтелген жаза мерзімі мен жазаның одан әрі өтелуге тиіс мерзімі туралы құжат;

е) қосымша жаза тағайындалған болса оның орындалғандығы туралы құжат;

ж) сотталған адамның денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды және мінез-құлқындағы ерекшеліктері туралы мәліметтер;

з) сотталған адам арқылы жасалған қылмыс келтірген материалдық шығынның өтелгендігі туралы мәліметтер.

Қажет болған жағдайда сотталған адам азаматы болып табылатын Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары қосымша құжаттар немесе мәліметтер сұратуы мүмкін.

2. Аталған барлық құжаттарға өкілеттік берілген адамның қолы қойылып, ол елтаңбалы мөрмен куәландырылуы тиіс.

6 - б а п

Сотталған адамды берудің шарттары

1. Сотталған адам осы Шартқа сәйкес мынадай жағдайларда:

а) егер ол үкімді орындаушы мемлекеттің азаматы немесе оның аумағында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам болып табылса;

ә) егер үкім заңды күшіне енсе;

б) егер сотталған адам беруге келіссе не жасына, денсаулығына немесе психикалық жағдайына байланысты сотталған адам өзінің еркін білдіре алмаса - оның заңды өкілі беруге келіссе;

в) егер үкім шығарылған іс-әрекет үкімді орындаушы мемлекет заңы

бойынша қылмыс болып табылса және ол үшін бас бостандығынан айыру түрінде жаза белгіленетін болса;

г) егер үкім шығарушы мемлекет пен үкімді орындаушы мемлекет сотталған адамды беруге келіссе берілуі мүмкін.

2. Сотталған адамға не оның заңды өкіліне үкім шығарушы мемлекеттің құзыретті органдарының лауазымды адамдары тапсыру мүмкіндігі және оның құқықтық салдары туралы түсіндіруі тиіс.

7-бап

Сотталған адамды беруден бас тартудың негіздері

1. Егер:

а) бұл Уағдаласушы Тараптардың бірінің мүдделеріне нұқсан келтіретін болса;

ә) тапсыру туралы өтінішті алған сәтте сотталушының бас бостандығынан айыру жазасын әлі де өтеу мерзімі алты айдан кем болса;

б) қылмыс жасалғанда келтірілген материалдық зиянның орны толтырылмаса;

в) сұрау салушы Уағдаласушы Тарап осы Шарттың 6-бабындағы талаптарды тиісті түрде орындамаса сотталған адамды тапсырудан бас тартылуы мүмкін.

2. Ерекше жағдайларда Уағдаласушы Тараптар сотталған адамды беруге, тіпті оның жазасын өтеп шығуына алты айдан аз уақыт қалса да немесе қылмыс арқылы келтірілген материалдық зиян толық емес көлемде өтелсе де, келісім беруі мүмкін.

8-бап

Сотталған адамды беру туралы сұрау салу б о й ы н ш а ш е ш і м

Сотталған адамды тапсыру туралы келіп түскен сұрау салу бойынша келісім беру немесе бас тарту жөніндегі шешімді Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдары осы Шарттың 5-бабындағы тізбеленген құжаттарды алған күннен бастап 40 күн ішінде қабылдайды. Бас тартылған жағдайда қабылданған шешім туралы беруге кедергі болған себептер міндетті түрде көрсетіле отырып, сұрау салған құзыретті органға, сондай-ақ оған қатысты сұрау салынған адамға немесе тапсыру туралы өтініш жазған адамға жазбаша нысанда хабарланады.

9-бап

Сотталған адамды тапсыру рәсімі

Сотталған адамды тапсырудың орнын, уақытын және тәртібін Уағдаласушы Тараптардың жазаның орындалуын жүзеге асыратын органдары белгілейді.

10-бап Шығыстар

Үкім шығарған мемлекеттің аумағында ғана пайда болған шығыстарды есептемегенде, сотталғандарды тапсыруға байланысты барлық шығыстарды үкімді орындаушы мемлекет көтереді.

11-бап Жазаны орындау

1. Үкімді орындаушы мемлекет өзінің ұлттық заңдарын басшылыққа ала отырып, үкімнің толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Үкімді орындаушы мемлекет сотталған адамның жағдайын қиындатпай өзінің ұлттық заңдарына сәйкес оның жазаны өтеуді жалғастыруын қамтамасыз етеді.

3. Сотталған адамға белгіленген жаза үкімді шығарушы мемлекеттің сот үкімінің негізінде өтеледі. Үкімді орындаушы мемлекеттің соты шығарылған үкімді негізге ала отырып, оны орындау туралы шешім қабылдайды.

4. Егер үкімді орындаушы мемлекеттің заңдары бойынша осы әрекет үшін бас бостандығынан айырудың шекті мерзімі үкімде белгіленген мерзімнен аз болса, үкімді орындаушы мемлекеттің соты мұндай әрекет үшін бас бостандығынан айырудың осы мемлекеттің заңдарында көзделген ең көп мерзімін белгілейді.

5. Егер үкім екі немесе одан да көп әрекеттерге байланысты болса әрі олардың біреуі немесе бірнешеуі үкімді орындаушы мемлекетте қылмыс болып есептелмесе, осы мемлекеттің соты қылмыс болып табылатын әрекетке жазаның қандай бөлігі қолданылатынын анықтайды.

6. Қосымша жазаны орындау жөніндегі шешімді, егер сол мемлекеттің заңдарында жасалған әрекет үшін осындай жаза қолдану көзделсе, үкімді орындаушы мемлекеттің соты қабылдайды.

7. Үкімді орындаушы мемлекеттің құзыретті органы сот қаулысы шыққан сәттен бастап бір ай ішінде үкім шығарушы мемлекеттің құзыретті органына үкімді орындау бойынша қабылданған сот шешімі туралы хабарлайды.

12-бап

Кешірім және рақымшылық жасау

Әрбір Уағдаласушы Тарап берілген сотталған адамға кешірім немесе рақымшылық жасауға құқылы.

13-бап

Соттар құзыреті

1. Берілген сотталған адамға қатысты үкімнің негізділігін қайта қарауға үкім шығарушы мемлекеттің соты ғана құқылы.

2. Егер сотталған адам жазасын өтеу үшін берілгеннен кейін үкімді шығарушы мемлекетте ол үкім бұзылса және жаңа тергеу немесе соттың іс қарауы көзделсе, бұл жөніндегі шешімнің көшірмесі, қылмыстық істің материалдары және сотталған адамның жоқ кезінде болуы мүмкін қажетті істерді жүргізу нәтижелері бойынша басқа да материалдар, үкімді орындаушы мемлекетке осы мемлекеттің заңдары бойынша қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін жіберіледі.

3. Ақтау негіздерімен қосымша тергеу нәтижелері бойынша қылмыстық істі тоқтатқан жағдайда немесе сот ақтау үкімін шығарса, қылмыстық жауапкершілікке негізсіз тартылған адамға келтірілген шығынды үкімді шығарушы мемлекет өтейді.

4. Жазасын өтеу үшін сотталған адам берілгеннен кейін, егер де үкімді оны шығарушы мемлекет бұзатын болса, бұл туралы шешімнің куәландырылған көшірмесі және басқа қажетті құжаттар үкімді орындаушы мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі. Үкімді орындаушы мемлекеттің соты осы Шарттың 11-бабында көзделген тәртіппен ол шешімді орындау туралы мәселені шешеді.

14-бап

Сотталған адамды тапсырудың құқықтық салдары

1. Жазасын өтеу үшін үкімді орындаушы мемлекетке тапсырылған адамға қатысты сотталудың құқықтық салдары осындай іс-әрекет жасағаны үшін сол мемлекеттің аумағында сотталған адамдарға қатысты туындайтын зардаптармен бірдей болады.

2. Екінші Уағдаласушы Тараптың соты шығарған үкімді орындау үшін тапсырылған адам үкімді орындаушы мемлекеттің аумағында заңды күшіне енген үкім шығарылған іс-әрекетіне байланысты қайтадан қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды.

15-бап

Транзиттік тасымалдау

1. Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тараптың өтініші бойынша өзінің аумағы арқылы осы Уағдаласушы Тарап үшінші бір мемлекетке тапсыратын сотталған адамдарды транзиттік тасымалдауға рұқсат етеді. Бұл орайда сотталған адамды қамауда ұстаудың жағдайларына қойылатын қажетті заңды талаптар қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

2. Бұл ереже әуе көлігін пайдалану кезінде екінші Уағдаласушы Тараптың аумағында қону жоспарланбаған жағдайда қолданылмайды.

3. Әуе кемесінің жоспарланбаған қонуы кезінде оның аумағы арқылы ұшып өту жүзеге асырылатын Уағдаласушы Тарап, сотталған адамды алып келе жатқан екінші Уағдаласушы Тарап өкілдерінің өтініші бойынша осы баптың 1-тармағына сәйкес берілетін транзиттік тасымалдау туралы өтініш алынғанға дейін сотталған адамды 72 сағат бойы қамауда ұстауы мүмкін. Мұндай өтініш телеграф, телекс, телефакс, электрондық поштаны қоса алғанда, байланыстың техникалық құралдарының көмегімен берілуі мүмкін.

4. Сотталған адамды транзиттік тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты шығыстарды осылайша тасымалдау туралы өтініш білдірген Уағдаласушы Тарап

к ө т е р е д і .

16-бап

Даулы мәселелерді шешу

Осы Шартты түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындайтын даулы мәселелер Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі.

17-бап

Екі жақты байланыс жасау тілі

1. Осы Шартты орындау кезінде Уағдаласушы Тараптар өздерінің мемлекеттік тілдерін немесе орыс тілін пайдаланады.

2. Уағдаласушы Тараптардың мемлекеттік тілдерінде әзірленген құжаттарға куәландырылған орыс тіліндегі аудармалары қоса тіркеледі.

18-бап

Шарттың қолданыста болу уақыты

Осы Шарттың күші Уағдаласушы Тараптардың соттары бұл Шарт күшіне енгенге дейін соттаған адамдарға да қолданылады.

19-бап

Өзгерістер мен толықтырулар енгізу

Уағдаласушы Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделеді.

20-бап

Басқа да халықаралық шарттарға қатынасы

Осы Шарттың ережелері Уағдаласушы Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын олардың құқықтары мен міндеттемелеріне ықпал етпейді.

21-бап

Қорытынды ережелер

Осы Шарт оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Уағдаласушы Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді және Уағдаласушы Тараптардың бірі екінші Уағдаласушы Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткенге дейін қолданыста болады.

Астана қаласында 2001 жылғы 5 шілдеде әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі түпнұсқа дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру мақсаты үшін орыс тіліндегі мәтін пайдаланылатын болады.

үшін

үшін

Қазақстан Республикасының
Президенті

Түркіменстан
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК